


Бюсмеш а N 1



«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының және оның ұйымдарының мамандандырылған өнім берушілерін таңдау қағидалары

Нұсқа	Басқарушы кеңестің шешімімен бекітілген		Құжаттың қүшіне енгізілген күні «05» 05 2015 ж
	№ 05.05.15	«05» 05 2015 жыл	
Мәртебесі	<input checked="" type="checkbox"/> Бекітілді <input type="checkbox"/> Қаралды, пысықтауга жіберілді (Хаттаманың қосымшасын кара.) <input type="checkbox"/> Бекітілмеді <input type="checkbox"/> Басқа		
Күжатты әзірлеуге негіз болған негізгі құжаттарға (жоғары деңгейдегі) сілтеме	<p>«Назарбаев Университеті» Қамқоршылық кеңесінің шешімі, 2014 жылғы 30 тамыздағы № 16 хаттама</p>		
Жаупты лауазымды тұлға	<p>Омаров Н.М., «Назарбаев Университеті» аппарат басшысы, Жанайдарова Ш.Б., Сатып алуды ұйымдастыру департаментінің директоры.</p>		
Лауазымды тұлға – құжаттың бастамашысы	<p>Омаров Н.М., «Назарбаев Университеті» аппарат басшысы, Жанайдарова Ш.Б., Сатып алуды ұйымдастыру департаментінің директоры; +7(7172) 70 60 77; shzhanaidarova@nu.edu.kz</p>		
Бұның алдындағы/ескірген құжаттар	<p>«Назарбаев Университеті» Қамқоршылық кеңесі 2011 жылы 10 желтоқсанда бекіткен Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесі (№ 3 шешім)</p>		
Өзара байланысты құжаттар	<p>«Назарбаев Университеті» Қамқоршылық кеңесі 2014 жылы 30 тамырда бекіткен Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесі (№ 16 шешім)</p>		
Құжаттың тілі	<p>Қазақ <u>05.05.15</u>, орыс <u>05.05.15</u>, ағылышын <u>05.05.15</u>.</p>		

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to the responsible official.

## **Мазмұны**

1. Тараяу	Терминдер мен анықтамалар	3
2. Тараяу	Жалпы ережелер	4
3. Тараяу § 1. § 2. § 3.	Мамандандырылған өнім берушілерді таңдау тәртібі Комиссия, комиссияның хатшысы Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу критерийлері Әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қарастыру	4 6 7
4. Тараяу	Тізілімді қалыптастыру және жүргізу	8
5. Тараяу	Мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу тәртібі	8
6. Тараяу	Жауапкершілік	10
Қосымша	Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу критерийлерінің жобасы	11
Қосымша	Мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша хабарландыру	12
Қосымша	Мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурстық құжаттама	13
Қосымша	Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізуге мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш	18
Қосымша	«Назарбаев Университеті» және оның ұйымдарының мамандандырылған өнім берушілерінің тізілімі	19
Қосымша	Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негіздемелік» шарт	20
Қосымша	Тауарларды жеткізуге (жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге) өтінім	33
Қосымша	Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізуге ұсыныс (оферта)	35
Қосымша	Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы раставу (акцепт)	38

Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйымының және оның үйымдарының мамандандырылған өнім берушілерін таңдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Назарбаев Университеті» және оның үйымдарының мамандандырылған өнім берушілерінің бірыңғай тізілімін іріктеу критерийлерін бекіту, қалыптастыру және жүргізу тәртібін, сондай-ақ мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу тәртібін айқындайды.

## 1. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Қағидаларда «Назарбаев Университеті» Қамқоршылық кеңесінің 2014 жылғы 30 тамыздағы № 16 шешімімен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу ережесінде (бұдан әрі – Сатып алу ережесі) көзделген және осы Қағидаларда айқындалған терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

**тапсырыс беруші** – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйымы немесе оның үйымы;

**бастамашы** – «негіздемелік» шарт бойынша мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алуға мүдделі «Назарбаев Университеті» құрылымдық бөлімшесі/үйымы;

**тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) түрлері** – жалпы атаумен және мақсатпен біріктірілген белгілі бір топтағы және Қағидалардың 2.2-тармағына сәйкес тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) жиынтығы;

**комиссия** – осы Қағидаларға сәйкес жұмысын жүзеге асыратын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

**конкурстық құжаттама** – Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес «Назарбаев Университеті» интернет-ресурстарында орналастырылатын, мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурс өткізуудің шарты мен талаптарын айқындайтын құжаттама;

**растаяу (акцепт)** – мамандандырылған өнім берушінің ұсынысын (офертаны) қабылдағаны туралы тапсырыс берушінің жауабы;

**ұсыныс (оferта)** – тауарларды жеткізуудің (жұмыстарды орындаудың/қызметтердің көрсетудің) елеулі талаптарын көрсететін мамандандырылған өнім берушінің ұсынысы және тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындаудың/қызметтердің көрсетудің) жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады;

**«Назарбаев Университеті» және оның үйымдарының мамандандырылған өнім берушілерінің тізілімі (тізілім)** – тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрлері бойынша мамандандырылған өнім берушілер туралы мәліметтерді қамтитын және «Назарбаев Университеті» интернет-ресурстарында орналастырылатын бірыңғай тізбе;

**«негіздемелік» шарт** – Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес «Назарбаев Университеті» интернет-ресурстарында орналастырылатын, тауарларды жеткізуудің (жұмыстарды орындаудың/қызметтердің көрсетудің) жалпы талаптарын көздейтін қосылу шарты;

**сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті орган** – сатып алушы үйымдастыру және жүргізу мәселелері функционалдық міндеттеріне кіретін

«Назарбаев Университеті» құрылымдық бөлімшесі.

## **2. Жалпы ережелер**

**2.1.** Мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру оның үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында тапсырыс берушінің жыл сайынғы мұқтаждықтары үшін тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алған жағдайда жол беріледі.

**2.2.** Осы Қағидалардың шеңберінде оның жарғылық қызметіне сәйкес және келесі талаптарға сай келетін, тапсырыс берушінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында тауар-материалдық қор түрінде тауарлар, сондай-ақ жұмыстар, қызметтер сатып алынады:

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер нарығында әлеуетті өнім берушілер арасында бәсекелі ортаның болуы;

2) тапсырыс берушінің қоймаларында ұзақ сақтауды талап етпейтін (жарты жылдан аспайтын) тауарлар;

3) үзіліссіз (күн сайынғы) қажеттілікке жатпайтын жұмыстар немесе қызметтер;

4) курделі салымдармен (инвестициялық бюджетпен) байланысы жоқ тауарлар, жұмыстар, қызметтер.

**2.3.** Өткізілген конкурстың нәтижелері бойынша конкурстың құжаттаманың талаптарына және іріктеу критерийлеріне сәйкес әлеуетті өнім берушілер комиссияның шешімі бойынша тізілімге енгізіледі.

**2.4.** Тапсырыс берушілердің мамандандырылған өнім берушіден «негізdemelіk» шарт бойынша тауар(лар) (жұмыстар/қызметтер) сатып алуына сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрі бойынша тізілімде кемінде 2 (екі) мамандандырылған өнім берушісі болған кезде жол беріледі.

## **3. Мамандандырылған өнім берушілерді тандау тәртібі**

### **§ 1. Комиссия, комиссияның хатшысы**

**3.1.** Комиссияны құру және оның құрамын бекіту туралы шешімді «Назарбаев Университеті» Атқарушы Вице-президенті немесе өзге уәкілетті тұлға қабылдайды.

**3.2.** Комиссияның құрамы 5 (бес) адамнан кем болмауы тиіс және төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссияның басқа да мүшелдерінен тұрады.

**3.3.** Комиссияның отырыстары комиссия мүшелерінің жай көпшілігі қатысқан кезде өткізіледі.

Төраға болмаған кезде оның функциясын комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

Комиссия мүшесі болмаған жағдайда хаттамада оның болмау себебі көрсетіледі.

3.4. Комиссияның шешімі ашық дауыспен қабылданады және отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс бергенде қабылданған болып саналады.

Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

Комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның мүшесі ерекше пікір білдіруге құқылы, ол жазбаша түрде баяндалуы және комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

Комиссия мүшелерінің бірінде мұдделер қақтығысы болған жағдайда осы тұлға бұл туралы хатшыны хабардар етеді, бұл туралы хаттамада жазылады. Бұл ретте осы тұлға комиссияның шешім қабылдауына қатыспайды.

3.5. Комиссия келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) іріктеу критерийлерінің жобаларын қарайды және қажет болған кезде критерийлердің жобаларына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

2) тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрлері бойынша іріктеу критерийлерін бекітеді;

3) конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;

4) мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін (бұдан әрі – өтініштер) қарайды;

5) мамандандырылған өнім берушілерді тізілімге енгізу туралы шешім қабылдайды;

6) Қағидалардың 4.3-тармағы 1)-3) тармақшаларында көзделген жағдайларда мамандандырылған өнім берушілерді тізілімнен алып тастау туралы шешім қабылдайды;

7) тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) түрлері бойынша тізілімді жаңарту қажеттілігі туралы мәселені жыл сайынғы негізде қарайды;

8) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды орындайды.

3.6. Комиссияның шешімі қатысқан комиссия мүшелері және хатшы әр бетіне қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

3.7. Комиссияның ұйымдастыру қызметін комиссия мүшесі болып табылмайтын және комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ хатшы қамтамасыз етеді.

Комиссияның хатшысы сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті орган қызметкерлерінің қатарынан тағайындалады.

3.8. Комиссияның хатшысы келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыруды ресімдейді және «Назарбаев Университеті» интернет-ресурсында орналастырады;

2) комиссияның отырысын өткізуді ұйымдастырады;

3) әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қабылдайды және әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналында (бұдан әрі – журнал) тіркейді;

4) комиссияның хаттамаларын қалыптастырады және оған комиссия мүшелерінің қол қояын қамтамасыз етеді;

5) «Назарбаев Университеті» ішкі құжаттарына сәйкес материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді;

6)осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды орындауды.

## § 2. Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу критерийлері

3.9. Иріктеу критерийлерін бекіту үшін бастамашы келесі іс-шараларды орындауды:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды жүргізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру бөлігінде Сатып алу қағидаларының қағидаттарын сақтай отырып, адаптациялық негізінде іріктеу критерийлерінің жобасын әзірлейді;

2) тапсырыс беруші(лер)нің(дін) мұдделі құрылымдық бөлімшелерімен, тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесімен және бастамашының құрылымдық бөлімшесінің жетекшілік ететін басшысымен іріктеу критерийлерінің жобасын келіседі;

3) іріктеу критерийлерінің келісілген жобасын «Назарбаев Университетіне» жібереді.

3.10. Иріктеу критерийлерінің жобасы осылармен шектеліп қалмай, мыналарды ескеруі тиіс:

оның қызметінің негізгі мәні бойынша тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрлерін сату бойынша жұмыс тәжірибесі;

тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) сандық және/немесе сапалық көрсеткіштері;

тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету) шегерімдерінің және/немесе өзге де пайдалы жағдайларының болуы.

Іріктеу критерийлерінде техникалық паспорттардың түпнұсқаларын/көшірмелерін, авторландырылған құжаттардың нақты нысандарын, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіп ұлгілерін, тауардың шыққан жері мен өндірушінің атауын, сондай-ақ сатып алынатын тауардың (жұмыстың/қызметтің) жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиістілігін айқындастын өзге де сипаттамаларды ұсыну туралы талаптарды көрсетуге жол берілмейді.

3.11. Бастамашы кез келген кезеңде комиссияның қарауына енгізілгенге дейін іріктеу критерийлерінің жобасын қайтаруға, өзгерістер енгізуға құқылы.

3.12. Комиссияның іріктеу критерийлерін қарау мерзімі бастамашыдан іріктеу критерийлерінің келісілген/пысықтылған жобасын алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

3.13. Егер комиссияға іріктеу критерийлерінің жобасына өзгерістер енгізу ұсынылған жағдайда, онда бастамашы комиссияның ұсыныстарын ескере отырып, іріктеу критерийлерінің жобасын қайтадан қарауға жібереді. Критерийлердің жобасын қайта жіберу мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

3.14. Комиссия осындай бас тартудың себебін көрсете отырып бастамашыға іріктеу критерийлерін бекітуден бас тартуға құқылы.

### **§ 3. Әлеуettі өнім берушілердің өтініштерін қарау**

3.15. «Назарбаев Университеті» тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрлері бойынша бекітілген іріктеу критерийлерінің негізінде сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті тұлға атынан мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурс ұйымдастырады.

3.16. Комиссияның хатшысы конкурс өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурс өткізу туралы шешімді «Назарбаев Университетінің интернет-ресурсында орналастырады:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру;

2) Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрі бойынша бекітілген іріктеу критерийлері.

3.17. Әлеуettі өнім берушілердің өтінім беру мерзімі хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайды.

3.18. Комиссияның хатшысы әр конкурс бойынша тігілген, беттері нөмірленген және соңғы беті комиссия хатшысының қолымен және мөрмен бекітілген болуы тиіс журнал қалыптастырады. Конверттерді тапсырудың соңғы мерзімінен кейін журнал сатып алу бөлімшесінің басшысына қол қоюға ұсынылады.

3.19. Әлеуettі өнім берушілердің өтініштерін комиссия хатшысы оларды ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін қабылдайды және журналға тіркейді.

Журнал әлеуettі өнім берушінің атауын, орналасқан жерін және өтініш берген күнін қамтуы тиіс.

3.20. Комиссия әлеуettі өнім берушілердің өтініштерін конкурстық құжаттаманың талаптарына, іріктеу критерийлеріне сәйкестік мәніне қарайды және оларды тізілімге енгізу туралы шешім қабылдайды. Өтініштерді қарау және комиссияның шешім қабылдау мерзімі өтініш берудің соңғы күнінен бастап 20 (жырма) жұмыс күнінен аспайды.

3.21. Қажет болған жағдайда комиссия орналасқан жеріне барып объектінің көзбен қарап тексеруге, өтініш берген әлеуettі өнім берушілерден немесе өзге де жеке немесе занды тұлғалардан қосымша ақпарат сұратуға құқылы. Бұл ретте әлеуettі өнім берушінің өтінішін қарау мерзімі комиссияның шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

3.22. Мына:

1) өтініш конкурстық құжаттаманың талаптарына және/немесе іріктеу критерийлеріне сай болмаса, сондай-ақ көзбен қарап тексеру жүргізу нәтижелері бойынша жағымсыз қорытынды жасалғанда;

2) «Назарбаев Университеті» сенімсіз әлеуettі өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде болғанда;

3) әлеуettі өнім беруші сол бір конкурсқа өтініш берген басқа әлеуettі өнім берушінің үлестес тұлғасы болып табылған жағдайда, әлеуettі өнім берушілер тізілімге енгізілуге жатпайды.

#### **4. Тізілімді қалыптастыру және жүргізу**

4.1. Комиссияның оң шешімі бар әлеуетті өнім берушілер тізілімге енгізіледі.

4.2. Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тізілімді сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады.

4.3. Мамандандырылған өнім берушілер тізілімде төменде көрсетілген бір немесе бірнеше жағдайлар туындағанға дейін болады:

1) мамандандырылған өнім берушінің тізілімнен алып тастау туралы жазбаша өтініші болғанда;

2) «Назарбаев Университеті» сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілгенде;

3) егер мамандандырылған өнім беруші тізілімге енгізілген күннен бастап 2 (екі) жыл бойы тауарлар жеткізуі (жұмыстарды орындауды/қызметтерді көрсетуді) жүзеге асырмаса;

4) 3 (үш) жыл өткен соң.

Қағидалардың осы тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген жағдайларда тапсырыс беруші осындай жағдайлар туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде «Назарбаев Университетіне» қызметтік жазба (жазбаша жолдау) жібереді және тізілімнен алып тастау үшін растайтын құжаттарды ұсынады.

4.4. Қағидалардың 4.3-тармағы 4) тармақшасын қоспағанда, мамандандырылған өнім берушінің тізілімнен алып тастау туралы шешімді комиссия растайтын құжаттары бар ақпаратты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

4.5. Тізілімге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуіді сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті орган комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

## **5. Мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу тәртібі**

5.1. Мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу белгіленген тәртіп бойынша тапсырыс берушінің ағымдағы жылға тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алушың жоспарланған тізілімінде көрсетіледі.

5.2. Мамандандырылған өнім берушілерден тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрін сатып алу қосылу шартының дәрежесі бар тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негіздемелік» шартпен реттеледі. Тараптардың «негіздемелік» шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

Мамандандырылған өнім берушінің тізілімге енгізген сәттен бастап конкурсқа қатысушы тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету) бойынша «негіздемелік» шарттың барлық талаптарын қабылдайды.

5.3. Тапсырыс берушінің мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алуы келесі тәртіппен жүзеге асырылады:

1) бастамашы «негізdemelіk» шартқа 1-қосымшаға сәйкес өтінімді ресімдейді. Өтінімде мамандандырылған өнім берушілерден конкурсқа арналған өтініш құрамында ұсынылған құжаттарды қайтадан сұратуға, сондай-ақ ұсыныстар (оферта) құрамында техникалық паспорттардың түпнұсқаларын/көшірмелерін, авторландырылған құжаттардың және сатып алынатын тауардың (жұмыстың/қызметтің) жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиістілігін айқындауды көрсететін талаптар қоюға жол берілмейді;

2) тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде ресімделген өтінімді жоспарланған сатып алу тізіліміне, сондай-ақ сұратылған тауарлардың тізбесіне сәйкестік мәнін келіседі;

3) өтінімге басшы немесе жетекшілік ететін басшы немесе тапсырыс берушінің өзге уәкілетті тұлғасы қол қояды және мамандандырылған өнім берушілердің атына ұсыныстар (оферта) беру туралы сұрату болып табылады;

4) тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесі өтінімге қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді тіркейді, тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрлері бойынша барлық мамандандырылған өнім берушілерге жібереді және өтінімді тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастырады;

5) өтінімді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде алынған барлық ұсыныстар (оферта) тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесінде тіркеледі және ұсыныстарды (офертаны) берудің соңғы күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тапсырыс берушінің интернет-ресурстарында орналастырады;

6) мамандандырылған өнім берушілерден ұсыныстар (оферта) алғаннан кейін «негізdemelіk» шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесі мыналарды ұсынған тауарларды (жұмыстардың/қызметтердің) жеткізуіндін барынша пайдалы талаптары бойынша ұсыныстарды (офертаны):

тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) таңдаулы техникалық (сапалық) сипаттамаларын, және/немесе

тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) барынша аз құнын таңдауды жүзеге асырады.

Мамандандырылған өнім берушінің ұсынысын (офертасын) таңдау Сатып алу қағидаларының 2.2-тармағының қағидаттарын және Қағидалардың 2.4-тармағын сақтай отырып ұсыныстар (оферта) берудің соңғы күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте берілген ұсыныстардың (оферталардың) жалпы санының қатарынан бір ұсынысты (офертаны) таңдау жүзеге асырылады.

7) өнім берушінің таңдауды жүзеге асырган күнінен бастап тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

«негізdemelіk» шартқа 3-қосымшаға сәйкес 2 (екі) данада тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету) туралы раставу жобасын (акцепт) ресімдейді.

раставу жобасын (акцепт) тіркейді және басшының немесе өзге уәкілетті тұлғаның қол қоюына ұсынады;

қол қойылған раставудың (акцепт) түпнұсқасын ұсынысы (офертасы)

таңдалған мамандандырылған өнім берушіге жібереді және растауды (акцепт) интернет-ресурста орналастырады;

таңдалған ұсыныс(тар)тың(дың) (офертаның) және растаудың (акцепт) түпнұсқаларын оларды одан әрі орындау үшін бастамашыға береді.

5.4. Тараптардың оған тиісті қосымшаларға қол қою жолымен Растауда (акцепте) тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) атауларында, олардың саны/көлемі және/немесе құнының азаюын қоспағанда, Ұсынысты (офертаны) таңдауды жүзеге асырғаннан кейін Өтінімге, Ұсынысқа (офертаға), Растауға (акцепт) өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

5.5. Сатып алған тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) жылдық накты сомасы олардың тапсырыс берушінің тізілімінде көзделген жылдық жоспарланған сомасынан аспауы тиіс.

5.6. Тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесі мамандандырылған өнім берушілерден жүзеге асырылған сатып алушының тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алушының жоспарлы тізіліміне сәйкестік мәніне мониторингтеуді жүзеге асырады.

5.7. Тиісті құжаттамалар, оның ішінде тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) мамандандырылған өнім берушілерден сатып алу тәсілімен сатып алу жөніндегі құжаттардың қажетті көшірмелері тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесінде сақталады.

5.8. Мамандандырылған өнім берушілердің ұсыныстары (оferта) тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес келмеген жағдайда немесе 2-ден (екіден) аз ұсыныс (оферта) ұсынылған жағдайда тапсырыс беруші тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) Сатып алу қағидаларында көзделген өзге тәсілдермен жүзеге асыруға құқылы.

## 6. Жауапкершілік

6.1. Осы Қағидалардың нормаларын бұзғаны үшін комиссия мүшелерін, бастамашыларды, тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесінің қызметкерлерін жауапқа тарту тәртібі белгіленген тәртіппен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамаларына және «Назарбаев Университеті» және тапсырыс берушінің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

Мамандандырылған өнім  
берушілерді таңдау қағидаларына  
1-қосымша

**Мамандандырылған өнім берушілерді іріктеу критерийлерінің жобасы\***  
(тауарлар (жұмыстар/қызметтер) түрлерінің атавы көрсетіледі)

Жалпы мәліметтер\*\*:

Үздіксіз қызметті қамтамасыз ету мақсатында жыл сайынғы мұқтаждықтар үшін тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алудың негізdemесі\*\*\*

Ағымдағы жылға (кезеңге) жоспарланған сома \_\_\_\_\_ тенге,

Жеткізу талабы (мысалы, ИНКОТЕРМС – 2010) \_\_\_\_\_

Тауар (жұмыс/қызмет) туралы қысқаша ақпарат: \_\_\_\_\_

№ p/c	Критерийлер	Іріктеу критерийлеріне сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын құжаттардың тізбесі	Іріктеу критерийлерінің негізdemесі ***
1	2	3	4
1			
2			
...			

\* Критерийлерді іріктеу жобасы өнім берушілерге адаптациялық негізінде сатып алу рәсімдеріне  
катаису үшін деңгээлде Сатып алу ережелерінің қағидаттарын сактай отырып өзірленеді.

\*\* Қажет болған жағдайда бастамашы жалпы мәліметтерді өзгертуі/толықтыруы мүмкін.

\*\*\* Интернет-ресурсқа орналастырған кезде бұл ақпарат көрсетілмейді.

Бастамашының құрылымдық бөлімшесі басшысының лауазымы, Т.А.Ә., қолы

Орындаушының лауазымы, Т.А.Ә. және байланыс телефоны

Келісілді:

Бастамашының құрылымдық бөлімшесінің жетекшілік ететін басшысы

Тапсырыс беруші(лер)нің(дін) мүдделі құрылымдық бөлімшелері

Тапсырыс берушінің сатып алу бөлімшесі

Мамандандырылған өнім  
берушілерді таңдау қағидаларына  
2-қосымша

## **Мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша хабарландыру**

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйімі (бұдан әрі – Университет), Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 53, (*тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір турлерінің атапу*) сатып алу үшін мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурс жариялады.

Конкурсқа жіберілетін әлеуетті өнім берушілер: «Назарбаев Университеті» Басқаруши кеңесінің 20\_\_жылғы «\_\_» №\_\_ шешімімен бекітілген мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурстық құжаттаманың (бұдан әрі – конкурстық құжаттама) талаптарына және Университеттің интернет-ресурсында орналастырылған іріктеу критерийлеріне сәйкес кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырып жүрген жеке тұлғалар, занды тұлғалар.

Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттаманың 2.1-тармағына сәйкес конкурстық құжаттаманың ережелерін, іріктеу критерийлерін түсіндіру туралы жазбаша сұратуды (*күні көрсетіледі*) мерзімнен кешіктірмей Университеттің мекенжайына жіберуге құқылы.

Әлеуетті өнім беруші мамандандырылған өнім берушіні таңдау конкурсына қатысу үшін конвертке салынған өтінішті (бұдан әрі – өтініш) келесі мекенжайға ұсынады (жібереді): «Назарбаев Университеті», Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 53, кабинет №\_\_.

Өтініш берудің соңғы мерзімі 20\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_, сағат \_\_\_, дейін.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына және іріктеу критерийлеріне сай келетін әлеуетті өнім берушілер комиссияның шешімі бойынша өтініш берудің соңғы күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде «Назарбаев Университеті» және оның үйымдарының мамандандырылған өнім берушілерінің тізіліміне енгізілуге жатады.

Қосымша ақпаратты келесі телефон(дар) бойынша алуға болады:  
(*Т.А.Ә., лауазымы және байланыс телефоны көрсетіледі*)

Мамандандырылған өнім  
берушілерді таңдау қагидаларына  
3-қосымша

## **Мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурстық құжаттама**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурстық құжаттама (бұдан әрі – конкурстық құжаттама) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйімдерінің (бұдан әрі – Университет) және оның үйимдарының хабарландырудада көрсетілген атаулар бойынша тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алуы үшін мамандандырылған өнім берушілерін таңдау бойынша конкурс өткізу тәртібін айқындау мақсатында әзірленген.

### **2. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру**

2.1. Әлеуетті өнім беруші хабарландырудада көрсетілген мекенжай бойынша Университетке конкурстық құжаттаманың ережелерін, іріктеу критерийлерін түсіндіру туралы хабарламада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей жазбаша сұрату жіберуге құқылы.

2.2. Университет өтініш берудің соңғы мерзімі өткенге дейін кемінде 4 (төрт) жұмыс күні бұрын оған сұрау жіберген тұлға туралы мәліметті көрсетпей, жауап қайтарады және түсіндірмені Университеттің интернет-ресурсында орналастырады.

### **3. Комиссия, комиссияның хатшысы**

3.1. Төрағадан, төрағаның орынбасарынан және комиссияның басқа да мүшелерінен тұратын Университеттің тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы келесі функцияларды орындаиды:

- 1) конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды;
- 2) өтініштерді қарайды;
- 3) мамандандырылған өнім берушілерді «Назарбаев Университеті» және оның үйимдарының мамандандырылған өнім берушілерінің тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізу туралы шешім қабылдайды;
- 4) конкурстық құжаттаманың 8.2-тармағы 1)-3) тармақшаларында көзделген жағдайларда мамандандырылған өнім берушілер тізілімнен алып тастау туралы шешім қабылдайды;
- 5) жыл сайынғы негізде тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) түрлері бойынша тізілімді жаңарту қажеттілігі туралы мәселені қарайды;
- 6) осы конкурстық құжаттамада көзделген өзге де функцияларды орындаиды.

3.2. Комиссияның отырысы комиссия мүшелерінің жай көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі. Комиссия мүшесі болмаған жағдайда хаттамада оның болмау себебі көрсетіледі.

3.3. Комиссияның шешімі ашық дауыспен қабылданады және егер оған отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады.

3.4. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады. Комиссияның шешімімен келіспеген комиссияның мүшесі ерекше пікір білдіруге құқылы, ол жазбаша түрде баяндaluы және комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс.

3.5. Комиссия мүшелерінің бірінде мүдделер қақтығысы болған жағдайда, осы тұлға бұл туралы комиссия хатшысын хабардар етеді, бұл туралы хаттамаға жазылады. Бұл ретте осы тұлға комиссияның шешім қабылдауына қатыспайды.

3.6. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

#### **4. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар**

4.1. Конкурсқа әлеуетті өнім берушілер қатыса алады: кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар және заңды тұлғалар.

4.2. Конкурстық құжаттамада және іріктеу критерийлерінде белгіленген жалпы талаптарға сай келетін әлеуетті өнім беруші тізілімге енгізу үшін өтініш беруге құқылы.

4.3. Әлеуетті өнім беруші өзінің жалпы талаптарға сай келетінін растау үшін Университетке келесі құжаттарды ұсынады:

1) конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің толтырылған және қол қойылған, мөрмен бекітілген (бар болса) өтініші;

2) өтініш тіркелген күнге дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлғаның барлық тіркеу іс-қимылды туралы электронды анықтама құжатының қағаз көшірмесі, немесе

3) тиісті мемлекеттік орган берген кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелуі туралы құжаттың көшірмесі;

4) құрылтайшылар туралы (қатысушылар немесе акционерлер) мәліметтерді қамтитын құжат), егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтымаған жағдайда: құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан нотариалды расталған үзінді көшірмелер немесе белгіленген тәртіппен қол қойылған және мөрмен расталған конверттерді ашқан күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде берілген акцияларды ұстаушылардың тізілімінен үзінді көшірмелерінің түпнұсқасы;

Қазақстан Республикасының резиденті емес қатысқан жағдайда, соңғысы заңнамада белгіленген тәртіппен расталған, конкурстық құжаттама тіліне аударылған сауда тізілімінен үзінді көшірменің көшірмесін немесе түпнұсқасын ұсынады;

5) әлеуетті өнім берушінің жарғысына сәйкес әлеуетті өнім берушінің атынан сенімхатсыз өкілдік етуге құқылы әлеуетті өнім берушінің басшысын

қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің мұддесіне өкілдік ететін тұлғаға өтінішке қол қою құқығын беретін сенімхаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі. Сенімхат Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес ресімделуі тиіс;

4.4. Әлеуетті өнім беруші хабарландыруда көрсетілген іріктеу критерийлеріне сәйкестігін растайтын тиісті құжаттар ұсынады.

4.5. Қазақстан Республикасының резиденті емес - әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденттері сияқты конкурстық құжаттамалардың 4.3 және 4.4-тармақтарында көзделген сондай құжаттарды немесе Қазақстан Республикасының резиденті емес - әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамалар тіліне аударылған, заңнамада белгіленген тәртіппен расталған осыған ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттардың көшірмелерін ұсынады. Комиссия өтініштерді қараған кезде аударманың артықшылығы болады.

4.6. Әлеуетті өнім беруші хабарландыруға сәйкес конкурстық құжаттаманың 6.1-тармағын ескере отырып, оны берудің соңғы мерзіміне дейін Университетке бір ғана өтініш береді.

4.7. Өтініш хабарландыру тілінде жасалады.

## **5. Өтініш беру тәртібі**

5.1. Әлеуетті өнім беруші өтінішті жазбаша түрде комиссия хатшысына қолма-қол комиссияның хатшысына немесе тапсырысты пошта байланысын пайдаланып жабық конвертте хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей мекенжайға ұсынады.

5.2. Өтініш бар жабылған конверттің үстіндегі бетінде әлеуетті өнім беруші Университеттің және әлеуетті өнім берушінің атауын, орналасқан жерін конкурстың атауын көрсетуі тиіс.

5.3. Өтініш бар конверт немесе өзге де құжаттар және/немесе материалдар, өтініштің құрамдас бөлігі болып табылатын, оларды берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсынылған ұлғілер тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

5.4. Әлеуетті өнім беруші өзінің конкурсқа қатысуға байланысты барлық шығыстарын өтейді. Университет әлеуетті өнім берушінің оның конкурсқа қатысуға байланысты қандайда бір шығындарын өтеу бойынша міндетті емес.

## **6. Өзгерістер және өтінішті қайтару**

6.1. Әлеуетті өнім беруші өтініш берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өтінішті өзгертуге/толықтыруға/қайтарып алуға және/немесе қайтадан беруге құқылы.

6.2. Өтінішке өзгерістер және/немесе толықтыулар өтініш сияқты ресімделуі, мөрленуі және ұсынылуы тиіс.

6.3. Әлеуетті өнім берушінің өтінішін қайтару еркін нысанда хабарландыруда көрсетілген мекенжайға жазбаша түрде ресімделеді.

6.4. Өтініш бар конвертті берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін өтінішке өзгерістер және/немесе толықтыулар енгізуге, қайтаруға жол

берілмейді.

## 7. Өтініштерді қарау

7.1. Әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін комиссия конкурстық құжаттаманың талаптарына және іріктеу критерийлеріне сәйкестік мәніне қарайды.

7.2. Өтініштерді қараудың және комиссияның шешім қабылдау мерзімі өтініш берудің соңғы күнінен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайды.

7.3. Қажет болған жағдайда комиссия орналасқан жеріне барып объектіні көзben қарап тексеруге, өтініш берген әлеуетті өнім берушілерден немесе өзге де жеке немесе заңды тұлғалардан қосымша ақпарат сұратуға құқылы. Бұл ретте әлеуетті өнім берушінің өтінішін қарау мерзімі комиссияның шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін.

7.4 Мынадай жағдайларда:

1) өтініш конкурстық құжаттамалардың талаптарына және/немесе іріктеу критерийлеріне сай болмаса, сондай-ақ көзben қарап тексеру жүргізу нәтижелері бойынша жағымсыз қорытынды жасалғанда;

2) «Назарбаев Университеті» сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде болғанда;

3) әлеуетті өнім беруші сол бір конкурсқа өтініш берген басқа әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы болып табылған жағдайда, әлеуетті өнім берушілер тізілімге енгізілуге жатпайды.

## 8. Тізілімге енгізу немесе алып тастау тәртібі

8.1. Комиссияның оң шешімі бар әлеуетті өнім берушілер тізілімге енгізіледі.

8.2. Мамандандырылған өнім берушілер тізілімде төменде көрсетілген бір немесе бірнеше жағдайлар туындағанға дейін болады:

1) мамандандырылған өнім берушінің тізілімнен алып тастау туралы жазбаша өтініші болғанда;

2) Университеттің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілгенде;

3) егер мамандандырылған өнім беруші тізілімге енгізілген күннен бастап 2 (екі) жыл бойы тауарлар жеткізуді (жұмыстарды орындауды/қызметтерді көрсетуді) жүзеге асырмаса;

4) 3 (үш) жыл өткен соң.

8.3. Осы бөлімнің 8.2-тармағы 4) тармақшасын қоспағанда, мамандандырылған өнім берушінің тізілімнен алып тастау туралы шешімді комиссия растайтын құжаттары бар ақпаратты тапсырыс берушіден алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

8.4. Мамандандырылған өнім берушілерді тізілімге енгізу/алып тастау жөніндегі ақпарат комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

**9. Мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу тәртібі**

9.1. Мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу тәртібі Университеттің интернет-ресурсында орналастырылатын тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негіздемелік» шартта айқындалады.

**Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізуге мамандандырылған  
өнім берушілерді таңдау бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш  
(тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі түрлерінің атавы)**

Астана қаласы

20 \_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_

**Кімге:** «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы

**Кімнен:** (әлеуетті өнім берушінің атавы) (бұдан әрі – Әлеуетті өнім беруші).

1. Әлеуетті өнім беруші туралы мәлімет:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, пошта мекенжайы және байланыс телефондары	
Әлеуетті өнім берушінің немесе уәкілетті тұлғаның ақпарат алмасуға арналған электронды мекенжайы	
Әлеуетті өнім берушінің банктік деректемелері (БСН/ЖСН, БСК, ЖСК), сондай-ақ Әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе оның филиалының атавы және мекенжайы	
Әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының Т.А.Ә.	

2. Осы өтінішпен Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада және іріктеу критерийлерінде көзделген талаптар мен жағдайларға сәйкес мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурсқа қатысу тілегін білдіреді.

3. Осы өтінішпен Әлеуетті өнім беруші конкурстың талаптарымен таныс екендігін растайды және әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптарды бұзушылықтардың жоқ екендігін растайды.

4. Осымен Әлеуетті өнім беруші осы конкурсқа онымен үлестес тұлғаның (тұлғалардың) осы конкурста жоқ екенін, сондай-ақ ұсынылған мәліметтердің шынайылығын растайды.

5. Осы өтінішпен Әлеуетті өнім беруші тұластай алғанда тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негіздемелік» шартқа қосылады және конкурстың қорытындылары бойынша Әлеуетті өнім беруші «Назарбаев Университеті» және оның ұйымдарының мамандандырылған өнім берушілерінің тізіліміне енгізілген жағдайда, оның барлық талаптарын қабылдайды.

6. Осы өтінішке Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттаманың талаптарына және іріктеу критерийлеріне сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

Әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының немесе өзге уәкілетті тұлғасының лауазымы, Т.А.Ә., қолы

м.о. (бар болса)

Мамандандырылған өнім  
берушілерді таңдау қағидаларына  
4-қосымша

**«Назарбаев Университеті» және оның ұйымдарының  
мамандандырылған өнім берушілерінің тізілімі**

№ р/с	Өнім берушінің атауы	Өнім берушінің орналасқа н жері, байланыс деректері	Комиссия хаттамасын ың нөмірі және күні	БСН/Ж СК	Тауарлардың (жұмыстардың/ кызметтердің) белгілі бір түрлерін өткізу	Құрылтайшыл ар және акционерлер, бірінші басшы туралы акпарат	Тізілімдегі мерзім аяқталатын күн	Тізілімнен алып тасталған күн
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Мамандандырылған өнім  
берушілерді таңдау қағидаларына  
5-қосымша

**Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы  
«негіздемелік» шарт  
(Қосылу шарты)**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негіздемелік» шарт (бұдан әрі – Шарт) Тапсырыс берушінің мамандандырылған өнім берушілерден тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алудың жалпы талаптарын айқындайды.

1.2. Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады.

1.3. Егер осы Шартта өзгеше белгіленбеген болса, осы Шарттың ережелері Өнім беруші мен Тапсырыс берушінің арасында тауар жеткізумен, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсетумен байланысты туындастың қатынастарға қолданылады. Шарттың мәтіні бойынша тауар жеткізу, сондай-ақ егер бұл қолдануға келсе, жұмыстарды орындауды және/немесе қызметтерді көрсетуді білдіреді.

1.4. Осы Шарттың талаптарын Өнім беруші тұтастай алғанда Шартқа қосылу жолымен қабылдайды. Өнім беруші «Назарбаев Университеті» және оның үйымдарының мамандандырылған өнім берушілерінің тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізілген күннен бастап осы Шартқа қосылған болып саналады және Өнім берушімен Шарт жасалған болып саналады.

1.5. Осы Шартта көзделген жағдайларда Тапсырыс беруші және Өнім беруші бірге «Тараптар», ал жеке – «Тарап» деп аталады.

1.6. Осы Шарттың мақсаты үшін келесі терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

**Тапсырыс беруші** – осы Шарттың Тарапы болып табылатын «Назарбаев Университеті» дербес білім беру үйимы немесе оның үйимы;

**Өнім беруші** – осы Шарттың Тарапы болып табылатын, Тізілімде тұрған, қызметінің негізгі мәні бойынша тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жекелеген тұрларін өткізуге маманданған өнім беруші (мердігер, орындаушы);

**Тапсырыс** – Шартқа 1-қосымشاға сәйкес нысан бойынша жасалған, Ұсыныстар (оферталар) беру туралы мамандандырылған өнім берушілердің атына жазбаша өтініш;

**Ұсыныс (оффера)** – тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізудің елеулі талаптарын көрсететін мамандандырылған өнім берушінің ұсынысы және Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізуді жүзеге асыруға келісім білдіру түрі болып табылады;

**Растау (акцепт)** – Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған Ұсынысты (офертаны) қабылдауды растайтын Тапсырыс берушінің жауабы;

**Акт** – Шарттың 6-бөліміне сәйкес қол қойылатын тауарларды қабылдау-тапсыру актісі немесе Шарттың 7-бөліміне сәйкес қол қойылатын орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің актісі.

1.7. Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу осы Шартта және Раствауда (акцепт) белгіленген талаптарға және тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

1.8. Осы Шартта реттелмеген қатынастар бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамаларының нормаларын басшылыққа алады.

## 2. Шарттың мәні

2.1. Өнім беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес Раствауда (акцепте) көзделген тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізуге, ал Тапсырыс беруші жеткізілген тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) осы Шартта және Раствауда (акцепте) көзделген тәртіппен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2.2. Сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) сипаттамасы және саны/көлемі, олардың атауы бөлінісіндегі құны, тауарларға (жұмыстарға/қызметтерге) төлем тәртібі мен жеткізу мерзімі және тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу Шарттың басқа да елеулі талаптары Раствауда (акцепте) көрсетіледі.

## 3. Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу тәртібі

3.1. Тапсырыс беруші тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу үшін Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрі бойынша тізілімде тұрған барлық Өнім берушілерге Тапсырыс жібереді және интернет-ресурста орналастырады. Тапсырыс берушінің Өнім берушіден тауар(лар)ды (жұмыстарды/қызметтерді) Шарт бойынша сатып алуға Тізілімде Шарттың мәніне сәйкес сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) белгілі бір түрі бойынша кем дегенде 2 (екі) мамандандырылған өнім беруші болған жағдайда жол беріледі.

3.2. Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) Тапсырыс бойынша жеткізуге тілек білдірген Өнім беруші оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Тапсырыстың талаптарына сәйкес тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізудің елеулі талаптарын көрсете отырып 1 (бір) Ұсынысты (оферта) береді немесе тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізудің барынша пайдалы талаптарын ұсынады.

Өнім беруші Ұсыныс (оферта) берудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің Ұсынысын (офертасын) қайтарып алуға, оған өзгерістер енгізуге немесе өзінің Ұсынысын (офертасын) қайтадан беруге құқылды.

Ұсыныста (офертада) Тапсырыс берушіден Раствуа (акцепт) ұсыну мерзімін көрсетуге жол берілмейді.

3.3. Алынған Өтінім және жіберілген Ұсыныс (оферта) Өнім берушінің тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) Тапсырыс берушіге Өнім берушінің Тапсырыс берушіден қол қойылған Раствау (акцепт) алу сәтіне дейін жеткізуін міндеттемейді.

3.4. Алынған Ұсыныстың (офертаның) негізінде Тапсырыс беруші олардың ең таңдаулы техникалық (сапалық) сипаттамаларына және/немесе ең аз құнына сәйкес тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізудің барынша пайдалы талаптарын ұсынған Өнім берушінің таңдауды жүзеге асырады.

3.5. Ұсынысты (офертаны) таңдау Ұсыныс (оферта) берудің соңғы күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ұсыныстар (оферталар) оларды берудің соңғы күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

3.6. Тапсырыс беруші Ұсыныс (оферта) таңдау жүзеге асырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұсынысы (оферта) таңдалған Өнім берушіге қол қойылған Раствауды (акцепт) Өнім берушіге жібереді. Бұл ретте Раствау (акцепт) толық және түпкілікті болып саналады.

Раствау (акцепт) Тапсырыс берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

3.7. Тараптардың тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу және жеткізу бойынша құқықтары мен міндеттері Өнім берушінің таңдалған Ұсынысқа (оферта) жауап ретінде Раствауды (акцепт) алған күннен бастап туындайды. Ұсыныс (оферта) және Раствау (акцепт) Шарттың ажырамас бөлігі болып саналады.

3.8. Тараптардың оған тиісті қосымшаларға қол қою жолымен Раствауда (акцепте) тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді), олардың санын/көлемін және/немесе құнын азайтуды қоспағанда, Ұсынысты (оферта) таңдауды жүзеге асырганнан кейін Өтінімге, Ұсынысқа (оферта), Растваға (акцепт) өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

#### 4. Шарттың бағасы және төлеу тәртібі

4.1. Раствауда (акцепте) белгіленген тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) жалпы құны осы Шарттың орындалуымен байланысты, оның ішінде олармен шектелмей, алайда оларды қоса алғанда, барлық салықтарды, оның ішінде ҚҚС, алымдарды және Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген бюджетке басқа да төлемдерді, ілеспе жұмыстарды/қызметтерді қоса алғанда, өзінде Өнім берушінің барлық шығыстарын қамтитын осы Шарттың бағасы (бұдан әрі – Шарттың бағасы) болып табылады.

4.2. Шарттың бағасы Шарттың 3.8-тармағына сәйкес Тараптардың келісімі бойынша өзгеруі мүмкін.

4.3. Тапсырыс беруші жеткізілген тауарларға (жұмыстарға/қызметтерге) төлемді Тараптар қол қойған Актіге сәйкес және:

- 1) тауарларды жеткізу бөлігінде – Шарттың 6-бөлімінде;
- 2) жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету бөлігінде – Шарттың 7-бөлімінде көзделген құжаттар болған кезде тауарларды

(жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу фактісі бойынша төлемді 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

4.4. Өнім беруші Ұсыныста (офертада) тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) Ұсыныстағы (офертадағы) жалпы құнынан 30 % (отыз пайыз) аспайтын алдын ала төлеуді көздейтін төлемнің балама талаптарын ұсынуы мүмкін. Егер Тапсырыс беруші Өнім беруші ұсынған төлем тәртібін қабылдаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім беруші ұсынған төлем шоты (инвойс) негізінде 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Раствауда (акцепте) белгіленген мөлшерде аванс төлеуді жүргізеді.

Растау (акцепт) талаптарына сәйкес тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізгеннен кейін Өнім берушімен түпкілікті есеп айырысу Шарттың 4.3-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

4.5. Раствау (акцепт) бойынша төлемдерді Тапсырыс беруші қолма-қол ақшасыз тәсілмен Ұсыныста (офертада) көрсетілген Өнім берушінің банктік шотына аударумен жүзеге асырылады. Тапсырыс берушінің банктік шотынан жүргізілген төлем күні төлеу күні болып саналады.

4.6. Резидент емеспен есептесу кезінде салық салу талаптары:

Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесі жоқ Өнім беруші-резидент емеске қатысты Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен төленетін төлем көзінен Қазақстан Республикасының бюджетіне төленетін Өнім берушінің кірісінен табыс салығының сомасын ұстап қалуға құқылы. Егер Қазақстан Республикасымен және Өнім берушінің резидент елінің арасында қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт (бұдан әрі – Халықаралық шарт) жасалған жағдайда және Өнім беруші өзінің резиденттігін раставайтын және Шарттың 4.3-тармағында белгіленген төлемнің соңғы күніне дейін белгіленген тәртіппен ресімделген құжат (апостилдендірілген сертификат) ұсынған кезде, онда Растваудың (акцепт) құнынан төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы Халықаралық шарт талаптарына сәйкес ұсталады.

## 5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 5.1. Өнім беруші:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Тапсырыс берушінің алғашқы талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушінің Тарапынан негіzsіз шығындарға жол бермеуге және шаралар қабылдауға;

4) қажет болғанда, егер бұл Раствауда (акцепте) көзделген болса және/немесе Шарт бойынша орындалатын міндеттемелердің мәнінен туындаған жағдайда, ілеспе жұмыстарды/қызметтерді орындауға/көрсетуге;

5) егер бұл Раствауда (акцепте) көзделген болса, осы Шарт бойынша жұмыстарды орындауға/қызметтер көрсетуге Тапсырыс берушінің келісімі бойынша үшінші тұлғаларды (бірлесіп орындаушыларды) тартуға;

6) осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған үшінші тұлғалардың (бірлесіп орындаушылардың) әрекеті үшін дербес жауапкершілік алуға;

7) Тапсырыс берушіге оған Өнім берушінің Шарттың талаптарын орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан және/немесе Өнім берушінің басқа да заңсыз әрекеттерінен туындаған зиянды толық қамтамасыз етуге және Шарт орындалғаннан кейін сұрату бойынша Тапсырыс берушіге қайтаруға;

8) Тапсырыс берушіден немесе Шартты орындау барысында оның атынан басқа да тұлғалардан алған құжаттар мен материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге және Шарт орындалғаннан кейін сұрату бойынша Тапсырыс берушіге қайтаруға;

9) Тапсырыс берушінің алдында Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шартта көзделген жауапкершілікті алуға;

10) осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаған кезде еңбекті, қоршаған ортаны қорғау, өрт қауіпсіздігінің, қауіпсіздік техникасының қағидаларын, санитарлық-гигиеналық нормалардың мүмкін болған жағдайда ұйғарылған нормативтік талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының барлық міндетті талаптарын сақтауға;

11) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезеңінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша растайтын құжаттарды ұсына отырып кәсіби біліктіліктің және/немесе жұмыс тәжірибесінің тиісті деңгейі бар білікті персоналмен қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Өнім берушінің және/немесе бірлесіп атқарушының кез келген персоналын ауыстыруға **міндеттенеді**.

### **5.2. Өнім беруші:**

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін қажетті түсіндірмелер және мәліметтер сұратуға;

3) Тапсырыс берушінің келісімі бойынша Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға;

4) Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың әдістері мен тәсілдерін дербес таңдауға **құқылды**.

### **5.3. Тапсырыс беруші:**

1) Шарттың талаптарына сәйкес Растав (акцепт) талаптарына сәйкес жеткізілетін тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) қабылдауға және төлеуге;

2) қажеттілігіне қарай Өнім берушіге қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды, сондай-ақ Өнім берушінің Шартты орындауы үшін қажетті басқа да жағдайлар ұсынуға;

3) Шартта көзделген басқа та талаптарды орындауға **міндеттенеді**.

### **5.4. Тапсырыс беруші:**

1) Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы қажетті ақпаратты сұратуға;

2) Шарт бойынша міндеттемелердің сапалы және уақтылы орындалуын талап етуге;

3) Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу әдістері мен тәсілдеріне қатысты Өнім берушіге ұсынымдар беруге;

4) Шарттың талаптарын орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда Шарттың 11-бөліміне сәйкес Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға, сондай-ақ келтірілген зиянды және осы Шартта көзделген басқа да санкцияларды, оның ішінде жоғалған пайданы өтеуді талап етуге;

5) жеткізілген тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) Растаудың (акцепт) талаптарына сәйкестігін тексеруге;

6) тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) қабылдау кезінде осы Шартқа және Растау (акцепт) талаптарына сәйкес (жұмыстардың/қызметтердің) сапасына және/немесе толықтығына қатысты негізді наразылық білдіруге;

7) егер осындай тауар тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу Шарттыңың және Растаудың (акцепт) талаптарын бұза отырып жеткізілген болса, тауарларға (жұмыстарға/қызметтерге) төлеуден бас тартуға, ал егер тауарлар (жұмыстар/қызметтер) үшін алдын ала төлем жүргізілген болса – аударылған соманы қайтаруды талап етуге. Бұндай жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 11-бөліміне сәйкес Шартты біржақты бұзу тәртібін қолдануға құқылы және осындай Өнім берушіні «Назарбаев Университеті» Сенімсіз әлеуетті өнім берушілері (өнім берушілері) тізбесіне енгізуге бастамашылық жасауға;

8) Өнім берушіге төленетін сомадан Өнім берушінің Шарт талаптарын орындауына немесе тиісінше орындауына байланысты келтірген, Шарттың 10-бөліміне сәйкес орын алған тұрақсыздық пен өзге де санкциялардың сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға **құқылы**.

## **6. Жеткізу талаптары және тауарларды қабылдау тәртібі**

6.1. Өнім беруші тауарларды жеткізуді осы Шарттың және Растаудың (акцепт) талаптары бойынша жүзеге асырады.

6.2. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілетін тауарларға бақылау және Растауда (акцепт) көрсетілген талаптарға сәйкестік мәніне тексеру жүргізеді.

6.3. Тауарлардың қаптамасы тауарларды тасымалдау, тиеп-түсіру операцияларында және оны сақтағанда, оның бұзылуына, бүлінуіне, нашарлауына, қирауына, сынуына, су тиуіне жол бермей, тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Қаптама жәшіктердің габариттері мен салмағын айқындаған кезде тауар жеткізілетін жердің шалғайлығын және тауар өтетін барлық пункттерде қуатты жүк көтеру құралдарының болуын ескеру қажет. Таңба өзінде тауардың шыққан елінің атауы мен өндірушінің атауын қамтуы тиіс.

6.4. Тауарлардың қаптамасы мен таңбалануы, сондай-ақ қаптаманың ішіндегі және одан тыс құжаттамалар тауарлардың техникалық (сапалық) сипаттамаларына қатаң түрде сәйкес келуі тиіс.

6.5. Тауарлардың Шарттың 6.3 және 6.4-тармақтарының талаптарына сай келмейтін қаптамада жеткізілуін Тапсырыс беруші тиісті сапада жеткізілмеген деп қарауы мүмкін.

6.6. Тауарларды жеткізген кезде Өнім беруші Тапсырыс берушігে келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1)   Өнім беруші қол қойған 2 (екі) данадағы Актінің түпнұсқасы;
- 2)   Акт берілген күнге жазылған және Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген Өнім берушінің шот-фактурасының түпнұсқасы немесе резиденттер емес үшін - инвойс;
- 3)   Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен нысан бойынша қорларды сыртқа жіберуге арналған жүккүжаттың түпнұсқасы;
- 4)   тауарлардың сәйкестік сертификаты (декларация), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген өзге де құжаттар.

6.7. Тапсырыс берушінің тауарларды саны және сапасы бойынша қабылдауы қорларды сыртқа жіберуге арналған жүккүжаттың түпнұсқасы негізінде, Растауда (акцепт) белгіленген мерзімде Растауда (акцепт) көрсетілген орында жүзеге асырылады.

Тауарларды қабылдау кезінде Өнім беруші өкілінің қатысуы міндетті.

6.8. Тауарларды қабылдау процесінде ақаулар, техникалық (сапалық) сипаттамаларға сәйкесіздік анықталған жағдайда Тапсырыс беруші қабылдауды тоқтатуға құқылы. Бұндай жағдайда Тараптар тауарлардың анықталған ақаулары мен сәйкесіздіктерін сипаттай орып және оларды жою мерзімін көрсетіп ақаулық актісін жасайды. Өнім беруші ақаулық актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші тауарды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жасайды және бір данасын Өнім берушінде жібереді.

6.9. Ақаулық актісін жасаған немесе дәлелді бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші жеткізілген тауарларды қабылдамауға немесе өзінің қарауы бойынша осындай тауарларды қабылдау процесінде ақаулар мен сәйкесіздіктер анықталмаган тауарлар бөлігінде қабылдауға құқылы.

6.10. Ақаулық актісін жасаған немесе тауарларды қабылдаудан дәлелді бас тартқан жағдайда тауарларды ауыстыру және тауарларды қайта жеткізу (тауарларды әкету) Өнім берушінің күшімен және оның есебінен жүзеге асырылады.

6.11. Тапсырыс беруші Актіге қол қойған сәттен бастап Өнім беруші тауарларды жеткізу бойынша өзінің міндеттерін орындаған болып саналады.

6.12. Шарттың осы бөліміне сәйкес Өнім беруші тауарларды жеткізу бойынша өзінің міндеттерін орындаған болып саналған сәттен бастап меншік құқығы және тауарлардың кездейсоқ жойылу тәуекелі Өнім берушіден Тапсырыс берушіге өтеді. Тауарлар ішінәра қабылданған жағдайда, тауарлардың кездейсоқ жойылу тәуекелі тиісті бөлігінде Тапсырыс берушіге өтеді.

6.13. Тауарларды өзі тасымалдап жеткізген жағдайда, тасымалдау кезінде тауарларды жоғалтқаны немесе бұлдіргені үшін Тапсырыс берушінің өзі жауапты болады.

6.14. Өнім берушінің бастамашылығы бойынша мерзімінен бұрын жеткізуге Тапсырыс берушінің келісімімен ғана жол беріледі.

## **7. Жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету және оларды қабылдау тәртібі**

7.1. Жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету мерзімі мен орны Растауда (акцепт) айқындалады.

7.2. Өнім беруші жұмысты орындауды/қызметті көрсетуді осы Шарттың және Растаудың (акцепт) талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

7.3. Орындалатын жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемін бақылау бойынша өзара іс-қимыл жасау үшін Тараптар өз қызметкерлерінің қатарынан жауапты адамдарды тағайындаиды.

7.4. Қажет болған кезде Тапсырыс беруші Өнім берушінің персоналына жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету үшін Тапсырыс берушінің объектісіне (үй-жайына) рұқсатты қамтамасыз етеді.

7.5. Өнім беруші Тапсырыс берушіні орындалатын жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің сапасына әсерін тигізуі немесе олардың орындалуының мүмкін болмауына әкелетін мән-жайлар туралы уақтылы хабардар етуі тиіс.

7.6. Тапсырыс беруші бұл туралы Өнім берушіні жұмыстардың/қызметтердің тоқтатылу күніне дейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіп, оларды одан әрі орындау дұрыс болмаған жағдайда, жұмыстардың орындалуын/қызметтердің көрсетілуін тоқтауы немесе болғызыбауы мүмкін.

Бұндай жағдайларда Тапсырыс беруші Өнім берушіні хабардар еткен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тараптар қол қойған Акт бойынша нақты орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің күнын төлеуге міндettі.

7.7. Орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтерді қабылдау жұмыстардың орындалған/қызметтердің көрсетілген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде келесі негіздерде жүзеге асырылады:

- 1) Өнім беруші қол қойған 2 (екі) данадағы Актінің түпнұсқасы;
- 2) Акт күніне жазылған және Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураның түпнұсқасы немесе резиденттер емес үшін - инвойс;
- 3) Растауда (акцепт) көзделген өзге де құжаттар.

7.8. Орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің мерзімі мен сапасы бойынша ескертулер болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Актіге қол қою және Растауда (акцепт) көзделген өзге де құжаттарды алу жолымен Өнім беруші орындаған жұмыстардың/көрсеткен қызметтерді қабылдайды.

7.9. Тапсырыс берушінің орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер немесе олардың техникалық (сапалық) сипаттамалары бойынша ескертулері (кемшіліктер, олқылықтар, ақаулар және т.б.) болған жағдайда Тапсырыс беруші бұл туралы Өнім берушіні олқылықтар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді және Тараптардың жауапты тұлғаларын тарта отырып кемшіліктер туралы акт ресімдейді, сондай-ақ оларды жою мерзімін белгілейді. Кейіннен кемшіліктер туралы акт Өнім берушінің жауапты тұлғасына немесе Өнім берушінің мекенжайына жіберіледі.

7.10. Өнім беруші өз есебінен Тапсырыс беруші көрсеткен ескертулерді (кемшіліктер, олқылықтар, ақаулар және т.б.) немесе олардың техникалық (сапалық) сипаттамаларға сәйкес болмауын Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жоюды қамтамасыз етеді және Тапсырыс берушіге жұмыстардың/қызметтердің нәтижелерін қайта қарauғa ұсынады.

7.11. Тапсырыс беруші Актіге қол қойған сәттен бастап Өнім берушінің оның жұмыстарды/қызметтерді орындау/көрсету бойынша міндеттемелері орындалған болып саналады.

7.12. Тараптар қол қойған Акт Тапсырыс берушіге қызметтердің нәтижелеріне қандайда бір алғы шарттарсыз және шектеусіз уақытқа ерекше құқық берілгенін білдіреді.

7.13. Өнім беруші осы Шарт бойынша қызмет көрсету шеңберінде жасалған қызметтердің нәтижелері үшінші тұлғалардың заңды құқықтарын бұзбайтынына кепілдік береді.

7.14. Ушінші тұлғалар тарапынан болуы мүмкін талаптар туындаған жағдайда Өнім беруші үшінші тұлғалармен туындаған келіспеушіліктерді дербес реттеуге және сот шығындарын қоса алғанда осындай реттеу үшін қажетті барлық шығыстарды өтеуге өзіне міндеттеме алады.

## 8. Кепілдіктер

8.1. Ұсынылатын тауарларға (жұмыстарға/қызметтерге) кепілдік мерзімі Растауда (акцепте) көрсетілген мерзім бойы күшінде болады.

8.2. Өнім беруші Шарт шеңберінде жеткізілген тауарлардың жаңа, пайдаланылмаған және үшінші тұлғалардың қандайда бір құқықтары мен талаптарынан еркін екендігіне кепілдік береді.

8.3. Тауарларға арналған кепілдіктің қолданысы мерзімі ішінде тауарлар Тапсырыс берушінің еркінен және/немесе әрекетінен тыс сынған жағдайда, Өнім беруші жөндеу жүргізуге немесе өз қаражаты есебінен жаңа тауарлар жеткізуге кепілдік береді.

8.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарлардың ақаусыз екендігіне, оларды Қазақстан Республикасы үшін әдеттегі жағдайларда қалыпты пайдалану кезінде конструкциялармен, материалдармен немесе жұмыстармен байланыстырылатынына кепілдік береді.

8.5. Өнім беруші Тапсырыс берушіге жұмыстар/қызметтер ескертулерсіз (кемшіліксіз, олқылықсыз, ақаусыз және т.б.) көрсетілетініне және Растауда (акцепте) көзделген техникалық (сапалық) сипаттамаларға сәйкес келетініне кепілдік береді.

8.6. Растаудың (акцепт) талаптарына сай келмейтін оның ішінде, жеткілікті негіздемесіз және рұқсатсыз өзгерістер қамтылған жұмыстар/қызметтер ақаулы деп танылады.

8.7. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы кепілдіктерге байланысты барлық талаптар туралы хабардар етуге міндettі. Тапсырыс берушімен келісліген мерзімде Өнім беруші осымен байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, ақауларды өз есебінен жоюға міндettі.

8.8. Егер өнім беруші хабар алғаннан кейін көрсетілген мерзім ішінде кемшіліктерді жоймаса, Тапсырыс беруші кемшіліктерді Өнім берушінің есебінен жою бойынша, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты ие болуы мүмкін басқа да құқықтарға қандай да бір зиянын тигізбей қажетті шаралар қабылдауға құқылы.

8.9. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Өнім беруші дайындастын немесе сататын қосалқы бөлшектер туралы, атап айтқанда, қосалқы бөлшектердің құны мен номенклатурасы туралы ақпарат беруді талап етуі мүмкін.

8.10. Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттың және Растаудың (акцепт) талаптарына сәйкес тауарларды жеткізудің (орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің) сапасы мен уақтылығына кепілдік береді.

8.11. Өнім беруші олардың Тапсырыс беруші қабылдаған сәттен кейін дұрыс пайдаланбау, үшінші тұлғалардың немесе форс-мажор мән-жайлардың нәтижесінде пайда болғанына дәлелдер келтірсе, кемшіліктеге, олқылықтарға, ақауларға және т.б. жауапты болмайды.

## 9. Ақпараттың құпиялышы

9.1. Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген ақпартты ашу жағдайларын қоспағанда, Тараптар Шарттың қолданылуы кезеңінде және Шарт бойынша міндеттемелер орындалғаннан кейін 3 (үш) жыл бойы ақпараттың құпиялышын, оның ішінде Тараптардың бірі құпия ретінде белгілеген, оған осы Шартты орындау нәтижесінде рұқсат етілген ақпараттың құпиялышын сақтауға міндеттенеді.

9.2. Құпия ақпаратты ашу Шарттың талаптарын бұзу болып табылады және Шарттың бұзылуына, сондай-ақ екінші Тарапқа осымен байланысты келтірілген зиянды толық көлемінде өтеуге әкеліп соғуы мүмкін.

## 10. Тараптардың жауапкершілігі

10.1. Өнім беруші Растауда (акцепте) көзделген тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша өзінің басқа құқықтарына зиянын тигізбей, мерзімі өткен әр күн үшін Шарт бағасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айбын өндіріп алуға құқылы.

10.2. Өнім беруші Тапсырыс беруші белгілеген тауарлардағы (жұмыстардағы/қызметтегі) ақауларды жою немесе оны ауыстыру мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ақаулы тауар (жұмыстар/қызмет) құнынан мерзімі өткен әр күн үшін 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, алайда Шарттың бағасынан 10%-дан (он пайыз) аспайтын тұрақсыздық айбын өндіріп алуға құқылы.

10.3. Өнім беруші Растав (акцепт) бойынша міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда, Өнім беруші Шарт бағасының 20% (жиырма пайыз) мөлшерінде айып төлеуге міндетті.

10.4. Тапсырыс беруші Растауда (акцепте) көзделген төлем мерзімін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушінің талабы бойынша төлемнің мерзімі өткен әр күні үшін төлеуге жататын сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, алайда Шарттың бағасынан 10%-дан (он пайыз) аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

10.5. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

10.6. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі төлемнен тұрақсыздық айыбы және/немесе айып сомасын ұстап қалуға құқылы.

10.7. Тапсырыс беруші Өнім берушіге егер осындай зияндар Өнім берушінің Шарттың және Растваудың (акцепт) талаптарын бұзумен байланысты зияндарын қоса алғанда, Тапсырыс берушіде Өнім берушінің кінәсінен пайда болғанда, зияндарын өтеу талабымен өтініш жасауға құқылы.

10.8. Тараптардың Шартпен реттелмеген жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес реттеледі.

## **11. Шартты бұзу және орындаудан біржакты бас тарту**

11.1. Басқа санкцияларға ешқандай зиян келтірмей, Шарттың және/немесе Растваудың (акцепт) талаптарын бұзғаны үшін Өнім берушімен Шарт мына жағдайларда:

1) Өнім беруші Шартта және/немесе Раствауда (акцепт) көзделген міндеттемелерді орындағанда немесе тиісінше орындағанда;

2) «Назарбаев Университеті» ішкі тәртібіне сәйкес Өнім берушіні Тізілімнен алып тастағанда, бұзылуға жатады.

11.2. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп кез келген уақытта Раствауды (акцепт) одан әрі орындаудан толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін. Осындай жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіні хабардар еткен күннен кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тараптар қол қойған Акт бойынша Өнім беруші нақты жеткізген тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) құнын төлеуге міндетті.

11.3. Өнім беруші Растав (акцепт) бойынша міндеттемелерді орындаудан айыппұл санкцияларын төлеген және осы бас тартумен келтірілген зиянды Тапсырыс берушіге толық өтеген жағдайда ғана бас тартуға құқылы.

11.4. Шартты бұзу немесе орындаудан бас тарту туралы хабарламада оны бұзу себептері көрсетілуі, жойылған шарттық міндеттемелердің саны/көлемі, өзара есеп айырысу тәртібі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енетін күн айтылуы тиіс.

## **12. Еңсерілмес күш жағдайлары**

12.1. Егер ол еңсерілмес күш мән-жайларының нәтижесі болып табылса, Тараптар Шарттың талаптарын орындағаны үшін жауапты болмайды.

12.2. Шарттың мақсаты үшін «еңсерілмес күш» Тараптардың билігіне бағынбайтын және тосын сипаттағы оқиғаны білдіреді. Осындай оқиғалар мыналарды қамтуы мүмкін: техногенді және экологиялық апаттар, табиғаттың дүлей күштері мен зұлматтар, өрт, су басу, індег, жер сілкінуі, соғыс қимылдары, қылмыстық қол сұғышылық, жаппай тәртіпсіздік, мемлекеттік билік органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының Тараптардың шарт міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін шешімдері.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі сол уақыт мерзімі ішінде еңсерілмес күш мән-жайлары болған, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар сақталған уақыт мөлшеріне сәйкес кейінге қалдырылады.

12.4. Еңсерілмес күш әсеріне ұшыраған Тараптардың кез келгені ол туындаған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде екінші Тарапты осындай мән-жайлардың туындағаны туралы жазбаша түрде ақпарат беруге міндетті. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар болмаған жағдайда, Өнім беруші қаншалықты мүмкін болғанынша Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және еңсерілмес күш мән-жайларынан тәуелсіз Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

12.5. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тараптың жоғарыда көрсетілген мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босататын негіздерден де айырады.

12.6. Егер Тараптардың міндеттемелерін толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 1 (бір) айдан астам орын алғатын болса, онда Тараптар Растав (акцепт) бойынша міндеттемелерін тоқтатуға және өзара есеп айырысуды жүргізуге құқылы.

12.7. Еңсерілмес күш мән-жайларына сілтеме жасаған Тарап осындай мән-жайларды растайтын барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндетті. Осындай құжаттар мен мәліметтерге жататындар, алайда тек оларғана емес: үәкілетті мемлекеттік органдар берген құжаттар; сауда-өнеркәсіп палатасы берген еңсерілмес күш мән-жайларын қуәландыратын құжат; көлік ұйымдары ұсынған мәліметтер; басқа да құжаттар және мәліметтер.

### **13. Қолдануға болатын құқық және даулы мәселелерді шешу тәртібі**

13.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.2. Тапсырыс беруші және Өнім беруші олардың арасында Шарт бойынша немесе онымен байланысты барлық келіспеушіліктер мен дауларды келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін жұмысайды тиіс.

13.3. Келіспеушіліктер мен дауларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуін талап ете алады.

### **14. Хабарлау**

14.1. Осы Шартқа сәйкес және оған байланысты бір Тарап екінші Тарапқа жолдайтын барлық хабарламалар (ескертулер, хабарлар, құжаттама, шоттар және өзгелер) жазбаша нысанда жасалуы тиіс және егер олар тапсыру туралы хабарлайтын тапсырысты хатпен жіберілген немесе Раставда (акцепте) көрсетілген мекенжайы бойынша жеке-дара немесе курьермен жеткізілсе немесе кейіннен түпнұсқасын берумен факс бойынша жіберілсе, тиісінше жіберілген болып саналады.

14.2. Хатты тапсыру туралы хабарлаудағы белгіге сәйкес оны екінші Тарап алған күн хабарламаны (ескертуді, хабарды, құжаттаманы, шоттарды және өзгелерді) алған күн болып саналады.

## 15. Өзге де жағдайлар

15.1. Тараптардың Шартқа өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

15.2. Шартты орындау барысында Өнім беруші Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз Тапсырыс берушінің кез келген даралау құралдарын (тауар белгілерін, логотип, фирмалық атауын) пайдалануға құқығы жоқ.

15.3. Салықтар және бюджетке басқа да міндепті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамаларына сәйкес төлеуге жатады.

15.4. Осы Шарт, Шарттың 11-бөлімінде көзделген Шартты бұзы жағдайларын қоспағанда, Өнім беруші Тізілімге енгізген сэттен бастап 3 (үш) жыл бойы қолданыста болады.

15.5. Шарттың қолданысын тоқтату, оның күші Шартты тоқтату күніне келетін тиісті Раставу (акцепт) бойынша Тараптардың міндептемелерді орындаудын тоқтатпайды.

15.6. Раставуға (акцепт) барлық өзгерістер мен толықтырулар олар Шарттың 3.9-тармағына сәйкес жазбаша түрде ресімделген жағдайда ғана күшіне ие болады.

15.7. Осы Шартта ештеңе де Тапсырыс берушінің және Өнім берушінің арасында бірлескен қызметті, әріптестікті немесе жай серіктестікті жасамайды және білдірмейді. Осы Шарт шеңберінде Өнім беруші туындайтын қатынастардың тәуелсіз Тарапы ретінде әрекет етеді және Тапсырыс берушінің және үшінші тұлғалардың алдында тек қана өз қаражаты есебінен жауапты болады.

15.8. Деректемелері өзгерген жағдайда Тарап екінші Тарапқа деректемелер өзгерген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлама жібереді.

Шығыс нөмірі және күні

**Мамандандырылған өнім берушінің  
атауы**

**Тауарларды жеткізуге  
(жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге) өтінім\***  
*(сатып алушың мәні көрсетіледі)*

1. Осы Өтініммен Тапсырыс беруші (тапсырыс берушінің атауы) келесі атаулар бойынша (тауарлардың жұмыстардың/қызметтердің) тиісті түрлері көрсетіледі тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізуге Ұсыныс (оферта) беру туралы мамандандырылған өнім берушіге өтініш білдіреді (будан әрі – Өтінім):

№ р/с	Тауарлардың (жұмыстардың/қызмет тердің) атауы	Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) техникалық (сапалық) сипаттамалары **	Өлшем бірлігі көрсетілген саны/көлемі	Тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау/қызмет көрсету) орны мен мерзімі
1	2	3	4	5
1				
...				

2. Тауарларды жеткізу мына ілеспе жұмыстарды/қызметтерді қамтиды (*бар болса, көрсетіледі*): \_\_\_\_\_.

3. Ұсыныста (офертада) Өнім берушінің тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу бойынша міндеттемелердің орындалуымен байланысты Өнім берушінің барлық шығыстарын, оның ішінде ілеспе жұмыстардың/қызметтердің құны, барлық салықтарды (оның ішінде ҚҚС), алымдарды және Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген бюджетке басқа да міндетті төлемдерді қамтитын тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) жалпы құны көрсетілуі тиіс.

4. Ұсыныс (оферта) берілген күн: \_\_\_\_\_.

5. Ұсыныс (оферта) берілген орын: \_\_\_\_\_.

6. Жеткізілетін тауарларға (жұмыстарға/қызметтерге) кепілдік мерзімі: (*орынды болса, мерзімі көрсетіледі*) \_\_\_\_\_.

7. Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу кезінде Өнім беруші олардың сапалық және/немесе техникалық сипаттамаларын растайтын тиісті құжаттар ұсынады\*\*\*: \_\_\_\_\_.

8. Өтінім беру тәртібі және осы Өтінімнің іс-әрекеті тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негізdemelіk» шарттың ережелерімен реттеледі.

Басшының немесе жетекшілік ететін басшының, немесе Тапсырыс берушінің өзге уәкілетті тұлғасының қолы

---

Ескерту:

\* Өтінімде «негізdemelіk» шарттың және мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша өткізілген конкурстың талаптарына қайши келмейтін мәліметтер енгізуі мүмкін. Бұл ретте, мамандандырылған өнім берушілерден конкурста өтініштің құрамында берілген құжаттарды қайта сұратуға жол берілмейді.

\*\* Кестенің З-бағанында тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) техникалық ерекшеліктеріне жеке қосымшаға сілтеме жасалуы мүмкін, бұл ретте қосымша Ұсыныска (офертаға) жеке қоса беріледі.

\*\*\* Бұл тармақты Тапсырыс беруші қажет болған кезде толтырады.

Өтінімде Өнім берушінің Ұсынысының (офертасының) құрамында сатып алынатын тауардың жеке мамандандырылған өнім берушіге тиістілігін айқындайтын техникалық паспорттардың түпнұсқаларын/көшірмелерін, авторландырылған құжаттарды және өзге де талаптарды ұсыну туралы көрсетуге жол берілмейді.

«Негізdemelіk» шартқа  
2-қосымша

Шығыс нөмірі және күні

Тапсырыс берушінің атауы

**Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізуге ұсыныс (оферта)\*  
(сатып алуудың мәні көрсетіледі)**

1. Мамандандырылған өнім берушінің атауы:  
(өнім берушінің атауы  
көрсетіледі) (бұдан әрі – Өнім беруші).

2. Осы Ұсыныс (оферта) 20\_\_жылғы «\_\_» \_\_ № \_\_ өтінімге (бұдан әрі – Өтінім) жасалған және тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негізdemelіk» шарттың талаптарына сәйкес келесі тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу туралы Өнім берушінің тілегін білдіреді\*\*:

№ р/с	Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) атауы, таңбасы, моделі, модификациясы, өзге де таңбалануы, шыққан елінің, жасаушы-зауыттың атауы (tauарларды сатып алу кезінде толтырылады)	Өлшем бірлігін көрсете отырып саны/ көлемі	Тауардың бірлігі үшін бағасы, теңге (жұмыс/қызмет кезінде баған көрсетілмеүді)	Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) құны, теңгемен		Тауарларды жеткізуге (жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге) ұсынылатын мерзім (Өтінімде көрсетілген мерзімнен аспауы тиіс)
				КҚС есепке алмағанда	КҚС есепке алғанда	
1	2	3	4	5	6	7
	Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) жалпы құны					X
	Оның ішінде женілдіктер (сомасы немесе % көрсетіледі)					X

3. Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) жалпы құны өзінде Өнім берушінің барлық салықтарды, оның ішінде КҚС, алымдарды және Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген бюджетке басқа да міндетті төлемдерді, оның ішінде ілеспе жұмыстарды/қызметті, осы Шартты орындаумен байланысты барлық шығыстарын қамтиды.

4. Осы Ұсыныспен (офертамен) Өнім беруші ұсынылып отырған (tauарлардың, жұмыстардың, қызметтердің – қажеттісін көрсету) Өтінімде белгіленген техникалық және сапалық сипаттамаларға толық сәйкестігін растайды;

немесе

Осы Ұсыныспен (офертамен) Өнім беруші келесі үздік техникалық/сапалық сипаттамаларды (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің – қажеттісін көрсету) ұсынады:

№ р/с	Тапсырыс берушінің Өтініміндегі техникалық ерекшелік тармағының нөмірі	Тапсырыс берушінің Өтініміндегі (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің қажеттісін көрсету) техникалық сипаттамалары	Ұсынылатын үздік техникалық/сапалық сипаттамалар (тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің қажеттісін көрсету)	Негіздеңе ****
1	2	3	4	5

Мамандандырылған өнім беруші олардың ерекшеліктерін міндетті түрде көрсете отырып 5 «Негіздеңе» бағанында салыстырмалы талдау жолымен үздік техникалық/сапалық сипаттамалар ұсынуы, сондай-ақ оның қарауы бойынша оған қажетті құжаттарды қоса бере отырып, осы нысанда қамтылған мәліметтерді растауы мүмкін. Мамандандырылған өнім беруші осы кестені Ұсыныс (оферта) құрамында қол қойылған және мөрмен бекітілген (бар болса) жеке қосымшамен қоса беруі мүмкін.

5. Ұсынылғандарға (тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге - қажеттісін көрсету) кепілдік мерзімі: \_\_\_\_\_ (Өтінімде көрсетілген мерзімнен кем емес кепілдік мерзімі көрсетіледі).

6. Өнім беруші қажеттісін көрсетуі тиіс:

Осы Ұсыныспен (офертамен) Өнім беруші тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негізdemelіk» шартта көзделген төлем талаптарымен өзінің келісімін растайды;

немесе

осы Ұсыныспен (офертамен) Өнім беруші тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негізdemelіk» шарттың 4.4-тармағына сәйкес төлемнің баламалы талаптарын ұсынады (төлемнің баламалы талаптары көрсетіледі, егер бар болса):

7. Өнім беруші Ұсыныста (офертада) көрсетілген тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) құны Тапсырыс берушігে Ұсынысты (офертаны) беру сәтінде қолданыстағы бағалар прейскурантынан аспайтынын растайды\*\*\*\*.

8. Ұсыныс (оферта) беру тәртібі және осы Ұсыныстың (офертаның) қолданылуы тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негізdemelіk» шарттың ережелерімен реттеледі.

Өнім берушінің

орналасқан жері және банктік деректемелері

Басшының немесе өзге уәкілетті тұлғаның

Т.А.Ә., лауазымы және қолы

Ескерту:

\* Өнім беруші өтінімде көрсетілген мерзімде Тапсырыс берушіге мамандандырылған өнім берушілерді таңдау бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініштің ұсынылған талаптары мен өтінімді ескере отырып, конвертке салынған бір ұсынысты (офертаны) береді.

\*\* Мамандандырылған өнім беруші тапсырыс берушінің өтініміндегі талаптардан төмен емес тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) ұсынуы мүмкін.

\*\*\* Мамандандырылған өнім беруші женілдіктер ұсынған жағдайда, баға женілдіктерді ескере отырып көрсетіледі.

\*\*\*\* Үздік техникалық/сапалық сипаттамалар ұсынылған жағдайда, «Негізде» бағаны міндетті түрде толтырылуға жатады. «Негізде» бағанында ақпарат болмаса, ұсынылған Ұсыныс (оферта) қаралмайды.

\*\*\*\*\* Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша қолданыстағы бағалар прейスクрантының көшірмесін немесе одан үзінді көшірмені ұсынады.

Шығыс нөмірі және күні

**Мамандандырылған өнім берушінің атауы**

**Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы  
растаяу (акцепт)**  
*(сатып алушың мәні көрсетіледі)*

1. Тапсырыс берушінің атауы: \_\_\_\_\_ (тапсырыс берушінің атауы көрсетіледі) (бұдан әрі – Тапсырыс беруші).

2. Өнім берушінің атауы: \_\_\_\_\_ (өнім берушінің атауы көрсетіледі) (бұдан әрі – Өнім беруші).

3. Осы Растваумен (акцепт) Тапсырыс беруші Өнім берушіден келесі тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу және сатып алу туралы 20 жылғы «\_\_\_» № \_\_\_ Ұсынысын (офертасын) қабылдайды:

№	Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) атауы, таңбасы, моделі, модификациясы, өзге де таңбалануы, шыққан елінің, жасаушы-зауыттың атауы (тауарларды сатып алу кезінде толтырылады)	Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) саны/көлемі, өлшем бірлігі	Тауар бірлігі үшін ұсынылған баға, ҚҚС есепке алмағанда, теңгемен*	Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) құны, ҚҚС есепке алғанда**, теңгемен	Тауарларды (жұмыстарды/қызметті) жеткізу мерзімі	Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу орны
1	2	3	4	5	6	7
1						
...						
Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) жалпы құны			X		X	X

4. Тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) жалпы құны өзінде Өнім берушінің тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу бойынша міндеттемелерді, оның ішінде ілеспе жұмыстарды/қызметтерді орындауға байланысты барлық шығыстарды, Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген барлық салықтарды (оның ішінде ҚҚС), алымдарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді қамтиды.

5. Төлем тәртібі мен талаптары (Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негізdemelіk» шарттың 4.3-тармагының талаптары бойынша төлем тәртібі немесе төлемнің қабылданған баламалы талаптары

*көрсетіледі):*

6. Жеткізілетін тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) кепілдік мерзімі: \_\_\_\_\_ (Ұсыныста (оферта) көрсетілген кепілдік мерзімі көрсетіледі).

7. Илеспе жұмыстар/қызмет (егер бар болса, көрсетіледі):

8. Тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) жеткізу кезінде Өнім беруші келесі құжаттарды ұсынады \*\*\*: \_\_\_\_\_.

9. Тауарларды жеткізу және сатып алу (жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету) тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негіздемелік» шарттың талаптарына сәйкес осы Растав (акцепт) бойынша жүзеге асырылады.

10. Ұсынысты (акцепт) жіберу тәртібі және Осы Ұсыныстың (акцепт) іс-әрекеті тауарларды (жұмыстарды/қызметтерді) сатып алу туралы «негіздемелік» шарттың ережелерімен реттеледі.

Тапсырыс берушінің орналасқан жері және банктік деректемелері  
Тапсырыс берушінің басшысы немесе өзге үәкілетті тұлға

Орындаушының Т.А.Ә., байланыс деректері

Ескерту:

\* Мамандандырылған өнім беруші женілдіктер берген жағдайда, бағалар женілдіктерді ескере отырып көрсетіледі.

\*\* Өнім беруші ҚҚС төлеушісі болып табылмаған жағдайда, кестенің 5-бағанында тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) құны ҚҚС-сыз көрсетіледі.

\*\*\* Бұл тармақты Тапсырыс беруші Өтінімге талаптар қойылған жағдайда толтырады.